



UNIVERSITY OF CAMBRIDGE INTERNATIONAL EXAMINATIONS
International General Certificate of Secondary Education

CANDIDATE
NAME

CENTRE
NUMBER

--	--	--	--	--

CANDIDATE
NUMBER

--	--	--	--

KAZAKH AS A SECOND LANGUAGE

0532/01

Paper 1 Reading and Writing

For Examination from 2011

SPECIMEN PAPER

2 hours

Candidates answer on the Question Paper.

No Additional Materials are required.

READ THESE INSTRUCTIONS FIRST

Write your Centre number, candidate number and name on all the work you hand in.

Write in dark blue or black pen.

Do not use staples, paper clips, highlighters, glue or correction fluid.

Answer **all** questions.

At the end of the examination, fasten all your work securely together.

The number of marks is given in brackets [] at the end of each question or part question.

For Examiner's Use	
Section 1	
Section 2	
Total	

This document consists of **13** printed pages and **1** blank page.



1-ші бөлім

1-ші жаттығу, 1–5-ке дейін сұрақтар

For
Examiner's
Use

Эйфель мұнарасы туралы мақаланы оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Эйфель мұнарасы

Эйфель мұнарасының биіктігі әрқашан тұрақты ма? Әлемде болып жатқан құбылыстар мен өзгерістерді тереңірек түсініп қарасақ, біздің күнделікті өміріміздің байқалмас құпиясы ашыла түсер еді. Осы қызық құбылыстардың бірі ретінде Франция астанасы Парижде 1889 жылы салынған Эйфель мұнарасын қарастырайық.

Бұл әйгілі мұнараның антеннасымен қосқандағы жалпы биіктігі 320 метрге тең. Ал жекелеп қарастырсақ, болаттан құралған мұнараның таза биіктігі 291 метр, тастан жасалған іргетасы мен үстіндегі антеннаның өлшемдері 9 және 20 метрге сәйкес. Ең қызықтысы Эйфель мұнарасының жоғарыда айтылған өлшемдері сыртқы ортаның температурасына тәуелді екен.

Яғни мұнараның биіктігі тұрақты емес, ол күндіз де, түнде де, қыста да, жазда да өзгеріп тұрады. Оның қандай шамаға өзгеріп тұратынын қызықты әңгімеміздің соңына қарай есептеп көреміз. Әзірше мынадай жағдайды қарастырайық.

Сізден біреу Эйфель мұнарасының биіктігі қанша еді деп сұраса, менің ойымша, сіз осы мақаланы оқығаннан

кейін міндетті түрде қарсы сұрақ қоясыз: - Ауа райы жылы кезде ме, әлде суық кезде ме? Ендеше жоғарыда айтылған есептеуге көшейік.

Біз өзіміздің мектеп қабырғасында алған білімімізге сүйеніп, осындай үлкен әрі алып мұнараның биіктігі тұрақты болмайтынын еске түсірейік. Өйткені, ұзындығы 300 метр болатын 1 градусқа қыздырғанда оның ұзындығы 3 мм-ге артады. Сөйтіп осы мәліметтерді пайдалана отырып қарасақ 40° ыстықта мұнараның биіктігі 11,64 см-ге артады екен. Бұл біздің теория жүзінде болжап есептеуіміз бойынша. Ал ғалымдар оны тікелей тәжірибе арқылы тексерген екен. Нәтижесінде біздің теория жүзінде есептеген шамаға жуықтас болыпты.

Осы аталған тәжірибе үшін биіктікті дәл өлшейтін және сыртқы ортаның температурасына тәуелді емес никельді болаттан жасалған сымды қолданыпты. Никель мен болаттың қосындысынан алынған сым «Инвар» деп аталады. Қазақ тілінде «өзгермейтін» деген мағына береді.

Эйфель мұнарасын тұрғызған кезде «Инвар» әлі жасалмағандықтан, қазір әлемге әйгілі мұнараның биіктігі ауа-райына қарай өзгеріп тұрады.



- 1 Эйфель мұнарасы қай жерде және қашан салынған?
..... [1]
- 2 Антеннасымен қосқанда жалпы биіктігі қанша метрге тең?
..... [1]
- 3 (a) Эйфель мұнарасының биіктігі неге тұрақты емес?
..... [1]
- (b) Эйфель мұнарасының биіктігі қандай жағдайда артады?
..... [1]
- 4 «Инвар» деген сымның ерекшелігі неде?
..... [1]
- 5 «Инвар» Эйфель мұнарасын тұрғызған кезде неге қолданылмаған?
..... [1]

[Барлығы: 6]

2-ші жаттығу, 6-шы сұрақ

Асылбек Сердалин бала кезінен бері, дүние жүзінің әр жерінде шығарылған маркаларды он жыл бойы жинаған. Оның коллекциясының көпшілігі гүлдер мен аңдар, ол 2000-нан астам марка жинаған. Ол қазір 17 жаста, Орал қаласының Абай көшесіндегі 38-ші орта мектепте оқиды. Маркалардан басқа ол тарих, жағрафия және астрономия пәндерін ұнатады.

Асылбек келесі айда өтетін «Жасөспірімдер арасындағы жылдық марка жинаушылар сайысына» қатысқысы келеді. Оған өтініш қағазын толтыруы керек. Ол анасы Күлән Сердалинамен Самал шағынауданы 15-ші үй 20-шы пәтерде тұрады. Анасы Асылбекке қолынан келгенше көмек беремін деп отыр. Өзінің көлігімен апаруға немесе жақын жерге баруға жол ақысын төлеуге әзір. Бірақ шетел мемлекеттеріне баруға мүмкіндіктері жоқ. Керекті кезде хабарласып тұруға, ол Асылбекке өзінің ұялы телефонын беріп қойды. Нөмірі 7015371578.

Асылбектің орнына өтініш қағазын келесі бетте толтырыңыз.

Жасөспірімдер арасындағы жылдық марка жинаушылар сайысына ӨТІНІШ

For
Examiner's
Use

Аты-жөні.....

Жасы.....

Мекен-жайы

.....

Мектептің мекен-жайы.....

Маркалардан басқа үш әуестігіңізді атаңыз:

.....

Маркалардыжыл бойы жинадым.

Коллекциядағы маркалардың саны (қоршап қойыңыз)

500+

1000+

1500+

2000+

Басқа

Маркалардың категориясы (астын сызып қойыңыз)

Аңдар

Жалаулар

Атақты адамдар

Гүлдер

Басқа

Демеушінің аты-жөні.....

Демеушінің сізге байланысы

Қай жерге бара аласыз (астын сызып қойыңыз)

Қазақстан ішінде

Шетел мемлекеттерге

[Барлығы: 7]

3-ші жаттығу, 7–9-ға дейін сұрақтар

Сіз профессор Құдайберген Бердіоңғарұлының мақаласын қолданып сыныптың алдында оқитын дәріс дайындауыңыз керек.

For
Examiner's
Use

Шоқжұлдыздар әсері

Шоқжұлдыздардың адамға әсері ерекше болатыны ғылымда дәлелденген. Аспанда бұлардың сексен сегізі бар екенін білеміз. Барлығының жеке атаулары бар, өздерінше жердегі тіршілікке әсер етеді. Ертедегі Мысыр аңызы бойынша, шоқжұлдыздар күннің жылжуын көрсетіп, жердегі өмірдің біртіндеп пайда болу белгісі деп есептелген екен. Қазіргі кезде 12 айға сәйкес он екі шоқжұлдыз бар. Мысалы астрономдардың есебінше, «Тоқты» сәуірде көрінеді. Осы кезде «Тоқтының» жердегі тірілерге әсері өте зор деп есептеледі. Сондықтан мыңдаған жылдан бері Құдайға сыйынып, ақ қойды құрбандық шалып келеміз.



«Егіздер» шоқжұлдызына Мысыр елінде көп мән беретін көрінеді: дүниеге жаңа келген балаларға, әсіресе егіздерге, өмір беретін, жан энергиясын қосатын, рухын іске асыратын осы «Егіздер» шоқжұлдызы деп есептелген. Өрине, жарық дүниеге енді келген нәрестелердің барлығы осы 12 шоқжұлдыздан келген энергиядан қуат алады. Сондықтан астрологтар жұлдыздардың, планеталардың қозғалысын есептеп, баланың туған күнін, сағатына дейін санап, оның болашағын айтып бере алады, тіпті адамның тағдыры мен өмірін де болжайды.

Бір қызығы әр бір шоқжұлдыздың өз ерекше әсері бар көрінеді. Оны бақылап, зерттеп жүрген ешкім жоқ. Тек жұлдыздар болжамын басшылыққа аламыз. Меніңше, бұған да сенім аз. Себебі жұлдыздар «көшін» есептеп, адамның психологиясын болжау әдісін білмейміз. Оның үстіне елімізде бұған көңіл де бөлініп жатқан жоқ.

Сондай-ақ жерден көрінетін, күн жүйесіне енген 9 планета бар. Біздің ойымызша, осылардың барлығынан энергия шығып, жерге жетеді де, өсімдіктерге, жануарлар мен адамдарға әсер етеді. Осылардың арасында бізге ең жақын, жерді айналып, оған нағыз серік болатын Ай. Ай туралы кітаптар, мақалалар жеткілікті жазылған. Осыларды оқып, ойлап қарасақ оның жаратылысқа, жан мен рухқа деген тікелей әсері барына көзің жетеді. Айдың, жұлдыздардың арасымен қозғала отырып, 27327 тәулікте айналып, өзінің көктегі алғашқы жағдайына келетіні астрономдарға әбден белгілі. Жерді ай тоқтаусыз айналады. Сөйтіп өз бойындағы энергияны жерге жібереді де, адамның рух энергиясына үлес қосып, тағдырына әсер етеді. Егер Ай энергиясы көбейіп кетсе пайдасынан зияны көп. Өйткені рух жүйесі бұзылып, адам ұйқылы-ояу күйде жүреді, кей кезде еркінен тыс әр түрлі істерге барады. Мұндай ауру көбінесе балаларда кездеседі. Бірақ мұны медицинада ай энергиясының әсері деп есептемейді. Басқа жұлдыздармен салыстырғанда айдың жер бетіндегі тіршілікке әсері көбірек сияқты.

Сіз профессор Құдайберген Бердіоңғарұлының мақаласын қолданып сыныптың алдында оқитын дәріс дайындауыңыз керек. Бір-екі қысқа сөйлеммен түсінгеніңізді сызылған жерге жазыңыз.

For
Examiner's
Use

Шоқжұлдыздар әсері

7 Ертедегі Мысырда адамдар шоқжұлдыздар туралы қандай сенімде болды?

• [1]

• [1]

8 Шоқжұлдыздар болжамы неге сенімсіз?

• [1]

• [1]

9 Айдың басқа жұлдыздарға қарағанда адамдарға қандай әсері бар?

• [1]

• [1]

• [1]

[Барлығы: 7]

4-ші жаттығу, 10-ші сұрақ

Қалталы жануарлар туралы мақалаңы оқып, өз сөзіңізбен шығарма жазыңыз. Шығармаңыз 100 сөздей болу керек.

Шығармаңыздың мазмұнына 6 баға, стилі мен қатесіздігіне 4-тен жоғары баға беріледі.

Қалтадағы балалар

Австралия – ғажайып құрылық! Мұнда көптеген әр түрлі таңғаларлық жануарлар мекендейді. Олардың кейбіреулерін сен білесің. Олар: қалталы қасқырлар, қалталы сусар, борсық, қоян, тышқандар. Бұлардың барлығы қалталы сүтқоректілерге жатады. Кәдімгі сүтқоректілер мен қалталылардың қандай айырмасы бар? Айырмашылығы олардың ұрпақтарын қалай өсіретіндігінде. Қалталы сүтқоректілердің балалары өте нәзік әрі өмірге бейім емес болып туады. Аналары олардың әрқайсысын қалтасына салып, қамқорлыққа алады.

Австралиялық қалталы жануарлардың ішінен кенгуру бәрімізге жақсы таныс. Австралияда кенгурудің бірнеше түрі бар: кішірегі, қоянның көлеміндей, одан гөрі ірісі – адамның үлкендігіндей бар.

Кенгурулер саваннаны, ормансыз жазық далаларды мекендейді. Онда жасырынатын жер жоқ. Сондықтан кенгуру өзін аңдыған жыртқыштардан қашып құтылуы керек. Артқы аяқтарымен итеріліп, ол он-он үш метрге дейін секіре алады! Оның алдыңғы аяқтары қысқа болғанымен, артқы аяқтары өте ұзын. Қанша секірсе де, денесін тік ұстап, айналасындағыларын анық көреді.

Кенгурудің баласы 39 күннен кейін дүниеге келеді. Оның ұзындығы 3 см-ге де толмайды, ал салмағы шамамен 9 грамм тартады. Анасының қалтасы болмаса, кенгуру бір сағат та өмір сүре алмаған болар еді. Оның денесі жұмсақ әрі түссіз. Құлақтары, мұрны, аяқтары бірден қалыпқа келмейді. Туған кезде ең алдымен алдыңғы аяқтары мен аузы жақсы жетіледі. Бұл жайдан-жай емес. Баласы өмірге келгеннен кейін, кенгуру қалтасын сілекейімен майлап, сол жерге баласын салады, ол жерге түсіп қалмай, қорғаныш болатын қалтада жабысып отырады. Сол жерде анасының төсін еміп, тіпті шешесі қатты секірген кезде де түспейді. Баласы сүтті емуге шамасы жетпегендіктен, оған анасы көмектеседі. Осылайша анасының қалтасында кенгуру бес-алты ай бойы жүреді. Содан кейін біртіндеп сүт емуін қойып, қалтадан басын шығарып, жан-жағына таңырқай қарай бастайды. Бір шама уақыт өткеннен кейін, қалтадан секіріп түсіп, өмірінде алғашқы рет өздігінен серуенге шығады. Егер өзіне қауып төңгенін сезсе, анасының қалтасына күмп етеді. Бейнебір ешнәрсе болмағандай, жайлы орында қайғысыз – қамсыз жата береді.



2-ші бөлім

5-ші жаттығу, 11–16-ға дейін сұрақтар

Жапония туралы әңгімені оқып, бір-екі қысқа сөйлеммен сұрақтарға сызылған жерге жауап беріңіз.

For
Examiner's
Use

Жапонияның әркім біле бермейтін жағын тек сол жерде тұрсаңыз білерсіз.

Иоханесбургтегі үш жыл Токиоға өте жақсы дайындық болды. Үлкен қалалар бір-біріне ұқсас келеді: адам толы пойыздар немесе көлектер қаптаған жолдар және шағын пәтерлер - үлкен қаланың жан-жақты ерекшеліктері.

Біреу маған Иоханесбургтегі өмір туралы өте жақсы кеңес берген еді. Сол кеңес алғашқы екі-үш ай Токиода пайдалы болды. Мен Жапонияны ұнатып, бір жағынан ұнатпаған кездерім де болды. Тіпті Жапонияда да шетелдік болып әңгімеге араласып кету оңай болса да, адам баласы жалғыздықтан құтыла алмайды. Жапонияда қарым-қатынас және дос табу мәселесі қиын.

Мен білетін кейбір адамдар осы мемлекетке бірінші сапарға келгенінде шыдамай, екінші сапарында үйрене бастапты. Басқалары ұзақ тұрып, жапондықтардан да бетер Жапонияға сіңіп кеткендері де бар. Мен олардың біреуіне де ұқсағым келмейді.



Сонда мен неге қалдым? Шынын айтқанда, мен бір-екі жылдан кейін кетемін деп жүрген едім, бірақ дос тауып, уақытты тамаша өткізгендіктен, көптеген жақсы есте қаларлық сәттер жинала басталды.

Жапонияны не үшін жақсы көремін? Қалалардың бәрі бірдей, шіркеулер де бір-біріне ұқсайды, таң қалатын ерекшелігі жоқ. Бірақ көлік жүйесі өте ғажайып. Қай мемлекет астанасынан екі сағатта пойызбен тау-тоғайға бара аласың? Таулар - Жапонияның мақтанышы, әр мезгілде өртүрлі. Жазда - жасыл, күзде - қызыл және сарғыш, қыста - қара немесе ақ жамылған.

Мен тоғайы жоқ Гаутенгтен келдім. Тауда, ағаш көлеңкесінде қыдыруды, өте керемет көрдім. Жапондықтардың саванобори деген спорт ойынын үйрендім. Осы спорт түрімен айналысқан адамның неше түрлі әдемі жерлерді көруге мүмкіндігі бар. Тауда жазда серуендеуге, қыста шаңғы тебуге болады.

Алғашқыда шығыс мемлекеттерін аралап, қыдырамын деп ойлаған едім, енді тек Жапонияда қалатын болдым. Бұл тек ақша мәселесімен ғана емес, тау спортымен айналасумен де байланысты.

Оңтүстік Африкаға қайтып барғанда, осының бәрін сағынатын болармын.

11 Иоханесбургтегі тұрмыс неге Токиоға жақсы дайындық болды?

..... [1]

12 Токиода сөйлесуге адам табу неге оңай?

..... [1]

13 Авторға кейбір келушілердің қандай жағы ұнамайды?

..... [1]

14 Автор Жапонияда неге ұзағырақ қалды?

.....
..... [2]

15 Автор Жапонияны не үшін жақсы көретінін өз сөзіңізбен айтыңыз.

.....
..... [2]

16 Автордың Жапонияға келгеннен бері қандай іс-әрекеттер мен шұғылданғанын сипаттаңыз.

.....
.....
..... [3]

[Барлығы: 10]


6-шы жаттығу, 17-ші сұрақ

Кейбір студенттер мектептен кейін университетті бастамай тұрып бір жыл демалады. Ол жылды «аралық жылы» деп атауға болады.


Мектептен басылып шығатын журналға «аралық жылының» артықшылықтар мен кемшіліктері туралы мақала жазыңыз.

Төмендегі түсіндірмелер сізге ой-пікір берер. Бірақ өз пікіріңізді де жазуға болады.


Сіздің мақалаңыз 150-200 сөз болуы керек.




Оқуды бастамай тұрып жан жақты көріп алған жақсы.



Университетке бармас бұрын жұмыс істеп ақша табу қажет.



«Аралық жылы» кезеңінде сен барлық үйренгеніңді ұмытып, оқығың келмей қалады.



Аралық жылы – тек уақытты жақсы өткізу үшін сылтау.

